

## ӨЛКЕ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Шаңбас Г.С.

*Лексико-семантический способ является активным в образованиях названий растений Мангистауского края. Лексико-семантическим способом словообразования называется способ, при котором новые наименования образуются безаффиксальным методом и методом без сочетания слов и словослияний.*

*The lexico--semantic way is active in educations of the names plants of Mangistau of edge (territory). As a lexico-semantic way word building the way is called, at which the new names are formed suffixless by a method and method without a combination of words.*

Қазақ тілінде сөздің пайда болуының келесі әдістері бар: 1/морфологиялық 2/ синтаксистік 3/ лексика – семантикалық. Осы әдістердің барлығы да табиғаты жағынан әр түрлі және өсімдік атауларының жасалуында кеңінен қолданылады.

Әр түрлі тілдердегі семантикалық бірліктерді сипаттау – осы заманғы тіл ғылымының басты мәлесінің бірі. Семантика лингвистикалық зерттеудің басты бөлігі болып табылады. Қазақ тілінде өсімдік атауларының семантикалық құрылымдарын зерттеу маңызды проблема болып отыр.

Талдауға кіріспестен бұрын, біздің қолданып жүрген терминдерге тоқталып өтеміз.

Лексема – біртұтас бүтін сөз. Сондықтан да лексема деген сөз бен сөз екеуі бір мағынаны білдіреді.

Семема – лексеманың бөлеу мағынасы. Семема деп біз жүйе мағынасының бірлігін айтамыз. Лексема - мәнерлеу жоспарының бірлігі болса, ал семема – жоспардың мағынасының бірлігі. Белгілі болғандай, тілдің кез-келген фактісін лексема жағынан да, семема жағынан да зерттеуге болады.

Сема дегеніміз не?

Сема – мағынаның сөздің бөлінбейтін компоненті.

Өсімдік атауларының лексикалық мағынасы – оның заттай – ұғымдық мазмұны. Ол біріншіден заттық бағытпен сипатталады: өсімдіктің аты оны көрсетеді және атайды. Сондықтан да өсімдік атауларының лексикалық аттары - ол номинативтік қызметті жүзеге асыратын, ұғым.

Кез-келген өсімдік атаулары көптеген белгілерге ие. Өсімдіктер осы белгілеріне қарай бір-біріне ұқсатылады немесе ажыратылады. Екі жағдайда да, белгілерді таңдау өсімдік атауларының мағынасын қалыптастыруда шешуші роль атқарады.

Әрбір өсімдік атауының мағынасында екі немесе одан да көп семантикалық белгілер болады, бірнеше жеке белгілер, олар оның семантикалық саралануына көмектеседі. Жалпы белгілер деп тек бір өсімдікке жатпайтын, аталған лексика семантикалық топтардың көптеген мүшелеріне жататын белгіні атайды.

Жеке, яғни саралау белгілері – ол осы өсімдікті басқа өсімдіктерден ажырату үшін қолданылатын өсімдіктің белгілері.

Бір өсімдік туралы нақты ұғым алу үшін оның негізгі, маңызды белгілерін бөліп қарау керек. Негізгі, нағыз белгілері деп өсімдікті басқаларынан айыруға болтын белгілерді айтады.

Өсімдік атауларының мағынасында негізсіз, маңызды емес белгілер де болуы мүмкін, кейде кездейсоқ белгілер де кездеседі.

Зерттеушінің өсімдіктің жалпы, сараланған, маңызды белгілерін анықтауы оған сол өсімдіктің семантикалық құрылымын анықтауға мүмкіндік береді.

Сөздің лексикалық мағынасын зерттеудің көп әдістері бар. Олардың ішіндегі ең көп таралғаны компоненттік талдау.

Компоненттік талдаудың негізінде семемнің лексикалық мағынасын семантикалық элементтерге бөлу жатады.

Компоненттік талдаудың бастапқы материалы ретінде өсімдік атауының мағынасы емес, оны құрайтын компоненттер алынады: мысалы, қайың лексемасын алайық. Ондағы бар семантикалық элементтерге қарай оның келесі ең төменгі бірліктері анықталады: ағаш, жапырақты, ақ дiңгекті;

Семантикалық компоненттерін анықтау үшін лингвистикалық әдебиетте бірнеше терминдер қолданылады: семантикалық компонент, семантикалық бірлік, ең аз семантикалық бірлік, құрастырушы элемент, мағынасының элементарлық бөлігі, мағынасының ең аз компоненті.

Жоғарыда айтылғандай, сема – лексикалық мағынаның одан әрі бөлінбейтін, ең аз семантикалық компоненті. Ол өсімдіктің нақты белгісін білдіреді. Басқаша айтқанда, ол – мағынаның ең аз құрамды бөлігі. Мысалы, таңқурай лексемасының бірінші мағынасы - көп жылғы түп ағашы, жемістері бар, оны келесі түрде елестетуге болады: 1/ жартылай түп ағаш, 2/ көпжылдық ағаш, 3/ алуан түрлі ағаштардың тегінен; 4/ жемістерімен;

Осындай семаға оның жемістерін де алып қарастыруға болады: 1/ жемістер; 2/ қызыл; 3/ тәтті; 4/ тамақта қолданылады.

Белгілі болғандай, көптеген жағдайларда лексикалық мағыналы сөздердің негізгі түрлері деп тіке және ауыспалы мағынадағы сөздерді айтады. Тіке мағынадағы сөздер - ол тіке заттық мағынаны білдіретін сөздер. Ауыспалы сөздер еркін, тіке мағыналы сөздердің негізінде пайда болатын сөздерді айтады, олар тек еркін сөздер емес, сонымен бірге дәлелденген сөздер болып табылады. Мысалы, ебелек сөзінің қазақ тілінде екі мағынасы бар: 1. бір жылдық өсімдік, желмен тез ұшып кететін. 2. Жеңілтек, алаөкпе адам.

Маңғыстау өлкесінде кездесетін өсімдік атауларының пайда болуының өнімді әдістерінің бірі – лексика - семантикалық әдіс. Бұл әдіс морфологиялық және синтаксистік әдістерден көп өзгеше және үлкен ғылыми қызығушылық туғызады.

Сөзжасамның лексика – семантикалық тәсілі деп – ешқандай жұрнақсыз – ақ, ешқандай сөз біріктірусіз немесе сөз тіркестірусіз – ақ жаңа атау жасауды айтамыз.

Лексика – семантикалық тәсіл – өсімдікке атау беру тәсілдерінің бірі. Оны басқа тәсілдерге қарағанда атау берудің басты, негізгі тәсілі деп бағалауға

да болады. Өйткені ұлт тілі негізінде жасалған өсімдік атауларының көпшілігі осы тәсіл арқылы жасалған.

Лексика – семантикалық әдіс алуан түрлі семантикалық құбылыстардан тұрады: жаңа лексикалық бірліктер тілдегі қолданылып жүрген сөздердің семантикасының өзгеруінің нәтижесінде пайда болады. Мысалы, таспа сөзі / теріден жасалған жіп/, шырыш ерте кезден қолданылады. Осы сөздердің семантикалық өзгеріске ұшырауы нәтижесінде жаңа өсімдік атаулары пайда болды: **таспа – астрагал, шырыш – эремурус**. Мысалдардан көрінгендей жаңа сөздерде бұрынғы дыбыстар сақталады, тек семантикасы өзгереді: бұрынғы қолданылып жүрген сөздердің дыбыстық қабығы жаңа мазмұнға толығады да, басқа мағынаға ие болады, соның нәтижесінде мағыналары әр түрлі омоним сөздер пайда болады.

Қолданыстағы сөздердің семантикалық өзгерістерге ұшырауы ботаникалық бірліктердің номенклатурасында тілден тыс, сыртқы факторлардың әсерінен жүзеге асырылады. Бірақ та ол тілдің ішкі заңдылығына бағынады. Ең көп таралған ауыспалы мағынадағы атауларға метафоралық және функционалды атаулар жатады.

Метафора – бейнелі ойлаудың жемісі. Қазақ тіл білімінде Б.Хасанов, А.Сыбанбаева, И.Мұратбаева және т.б. еңбектерінде метафора мәселесі жан – жақты зерттелген. Метафора /грек. *metaphora* – ауысу / – сөздер мен сөз орамдарының ұқсастығы, сәйкестігі және т.б. негізінде олардың ауыспалы мағынада пайдалануынан тұратын троп тәсілі [1].

Б.Хасанов «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы » атты еңбегінде метафораның теңеуден ерекшелігін былай деп көрсеткен болатын:

«1/ метафораға ауыс мағына тән; 2/ метафора арқылы сөздік құрам байып дамып отырады, белгілі бір ұғым кеңі түсуі мүмкін; 3/ екі объекті салыстырылатын болса, екеуі химиялық процеске түскендей жаңа элемент болып шығады; 4/ метафора – образ, оған бейнелей мәнерлеу, кесіп айту қасиеті тән;» [2].

Метафора – лексика – семантикалық тәсілдің көп тараған түрі. Метафора – метафоралы ауыстырудың нәтижесі болып, метафоралы ауыстыру – бір ұғымның атауын екінші ұғымға сипаттарының ұқсастығына қарай ауыстыру. Ауыстыру негізінде жалпы ортақ сипаттар негізгі болып табылады. Сонымен бірге, метафоралық ауысудың ең негізгі себебі болып, тіл арқылы нақты болмыстағы ұқсастықтар қатынасын бейнелеу. Мұндай процестің нәтижесі болып, мәтіннің экспрессивтік қызметін күшейтетін атаулардың туындауы.

Сонымен, метафора лексикалық мағынаның өзара ауысуын қамтамасыз ететін тілдің динамикалық құбылысына жатады.

Салыстыру нысанына қарай өсімдік атауларын антропоцентрикалық, мифоцентрикалық метафора деп бөлеміз. Антропоцентрикалық метафора өсімдіктерді, жансыз объектілерді, жан – жануарларды адаммен салыстыруына негізделеді [3].

Адам қоршаған айналадағы заттар мен құбылыстарға өзіне тән құбылыстарды теңейді. Нақты адамға ғана тән кескін – келбет осы атауды берудегі басты принцип болып табылады. Мысалы, қазақ халқында сұлулықтың символы болған – кейіпкер аттары /Баян, Ботагөз, Құртқа, Раушан т.б./

гүлдердің әдемі, нәзік сорттарына берілген: **ботагөз** – розаның сорты, **кұртқашаш** – шөптесін өсімдік т.б.

Метафоралық атаулар белгілеген нысанды басқа бір нысанмен салыстырудың нәтижесінде пайда болады. Метафоралық атауларға заттарды сипаттау арқылы пайда болған ұқсастықтар жатады: сыртқы түрі, формасы, түсі және басқалары. Мысалы, **сіңбірік, атқұлақ, қарғатұяқ, мысыққұйрық**, текесақал сияқты өсімдік атауларының сыртқы түрінің белгілі бір затқа /**сіңбірік, аттың құлағы, қарғаның тұяғы, мысықтың құйрығы т.б.**/

Салыстырған заттардың ұқсастығы басқа белгілеріне де мысалы, иісі, дәміне байланысты болады. Бұл өсімдік атауларының жарқын мысалдары болып келесі сөздер жатады: **сасық – қыша, ащы – солянка**. Бұл атаулар қолданыстағы сөздердің семантикасын метафоралық қайта құрулардың нәтижесінде пайда болды.

Функционалдық ауысымға қызметтерінің жақындығы немесе ұқсастығы негізінде мағынасы өзгерген ауыспалы мағынадағы атаулар жатады. Мысалы: **бағлан**- қауынның түрі, **балтасап** – аққайың, **сыпыртқы** – сыпырғыш, бағлан алты айлық қозы, балтасап – балтаның сабы, сыпыртқы – сыпырғыш.

Сонымен, өсімдік атауларының пайда болуының ең көп таралған әдістерінің бірі жалпы қолданыстағы сөздерді пайдалану. Бұнда маңызды қызметті семантикалық процестер атқарады: метафоралану және қызметі бойынша.

Бұл жерде номинацияның принципі терминін анықтап алу қажет, оны номинацияның белгісі деген ұғымнан шектеу қажет. Номинация принципі номинация белгісіне қарағанда кең ұғым. Ол арнайы қарастырылған нысан үшін бір үлгідегі белгілер арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеу барысында Маңғыстау өсімдік атауларының басқа да лексика – семантикалық топтар тәрізді бұрыннан орныққан әдістер мен анықталған құрылымдық моделдер бойынша жасалатыны байқалды.

Қазақ тілінің лексикасын байытудың негізгі және өнімді әдісі жаңа өсімдік атауларының пайда болуы, яғни, жаңа сөздердің құрылуы. Жаңа сөздердің пайда болуы лексиканың дамуы мен толығында маңызды және шешуші міндет атқарады.

Сөздердің пайда болуы дегеніміз – қазақ тілінің материалы негізінде, оның жүйесіне сәйкес келетін сөз құрастыру тәсілдері мен әдістерінің көмегімен жаңа өсімдік атауларының пайда болуы. Сөздердің пайда болуының нәтижесінде лексемалар немесе қандай да болмасын өсімдіктердің тегін немесе түрін атайтын лексемдердің құрамдары пайда болады. Өсімдік атауларының пайда болуының бастапқы базасы болып қазақ тілінің сөзі немесе ең көп таралған деп танылған түбір жатады.

Лексика – семантикалық әдіс те табиғаты жағынан әр түрлі және өсімдік атауларының жасалуында кеңінен қолданылады.

Маңғыстау өлкесінде кездесетін өсімдік атауларының пайда болуының өнімді әдістерінің бірі – лексика - семантикалық әдіс. Бұл әдіс морфологиялық және синтаксистік әдістерден көп өзгеше және үлкен ғылыми қызығушылық туғызады.

Сөзжасамның лексика – семантикалық тәсілі деп – ешқандай жұрнақсыз – ақ, ешқандай сөз біріктірусіз немесе сөз тіркестірусіз – ақ жаңа атау жасауды айтамыз [4].

Лексика – семантикалық тәсіл – өсімдікке атау беру тәсілдерінің бірі. Оны басқа тәсілдерге қарағанда атау берудің басты, негізгі тәсілі деп бағалауға да болады. Өйткені ұлт тілі негізінде жасалған өлке өсімдік атауларының көпшілігі осы тәсіл арқылы жасалған.

#### **Әдебиеттер:**

1. Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998 – 543 б.
2. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1996, 761 б.
3. Мұратбаева И.С. Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған Терминдердің семантикасы. Филол. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. А., 2000, 176 б.
4. Қалиев Б. Лексико – семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996, 168 стр.